


PHILIPS

Сауық кеші динамигі

TAX5000E



Пайдаланушы нұсқаулығы

Бұйымыңызды тіркеп, мына сайттан қолдау алыңыз

www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды қауіпсіздік бойынша нұсқаулар	2
	Қауіпсіздік	2
2	Сауық кеші динамигіңіз	3
	Қораптағы заттар	3
	Philips Entertainment қолданбасын жүктеп алыңыз	3
	Негізгі блокқа шолу	4
3	Іске кірісу	5
	Қуат көзіне қосу	5
	Қосу	5
4	Bluetooth® арқылы аудио ойнату	6
	Bluetooth құрылғыларынан ойнату	6
	TWS Функциясы	7
	Стерео режим үшін жұптау (TWS)	7
	TWS пайдалану	7
5	Auracast™-тан ойнату	8
6	USB-ден ойнату	9
	USB жад құрылғысынан ойнату	9
	Ойнатуды басқару	9
7	Басқа мүмкіндіктер	9
	Музыканы сыртқы құрылғыдан ойнату	9
8	Динамиктің жарық әсерін өзгерту	10
9	Микрофон арқылы ән айту	10
	Микрофон дыбысын реттеу	10
	Жаңғырықты реттеу	10
10	Гитара кірісі	11
	Гитара дыбысын реттеу	11
11	Philips Entertainment қолданбасы	12
	Қолданбану жүктеп алу	12
	Қосымшаны сауық кеші динамигімен жұптастыру	12
	Музыка ойнату және дыбысты реттеу	13
	Жарық әсерін бақылау	13
	Караокені бақылау	14
	Дереккөзді ауыстыру	14
	Жалпы параметрлер	16
	Виртуалды қашықтан басқару	16
	Пайдаланушы нұсқаулығы	17
	Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту	17
12	Өнім туралы ақпарат	18
	Техникалық сипаттамалары	18
	USB ойнату мүмкіндігі туралы ақпарат	18
	Техникалық қызмет көрсету	18
13	Ақаулықтарды жою	19
	Bluetooth құрылғысы туралы	19
	Батарея дұрыс қуатталмайды не тез таусылып қалады	20
14	Ескертпе	21
	Қоршаған ортаға күтім жасау	21
	Тауар белгісі туралы хабарлама	21

1 Маңызды қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Бұл бұйымды пайдалану алдында барлық нұсқаулар оқып және түсініп алу керек. Егер зақым нұсқауларды орындамаудан туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Бұл таңбаларды біліңіз



Бұл "найзағай ұшқыны" құрылғының ішіндегі оқшауланбаған материал ток соғуға әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Барлық отбасы мүшелерінің қауіпсіздігі үшін жапқышты алып тастамаңыз. "Леп белгісі" пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезінде проблемалардың алдын алу үшін берілген әдебиеттермен мұқият танысуды керек ететін функцияларды көрсетеді. ЕСКЕРТУ: Өрт шығу немесе ток соғу қаупін азайту үшін құрылғыны жаңбырға немесе ылғалға ұшыратпау керек, сонымен қатар оған вазалар сияқты сұйықтық толтырылған заттарды қоймау керек. АБАЙЛАҢЫЗ: Электр тоғына түсу қаупінің алдын алу үшін ашаның кең пышағын кең саңылауға сәйкестендіріп, толығымен кіргізіңіз.

Ескерту

- Бұл құрылғының корпусын ешқашан ашпаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майламаңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесінен, ашық оттан немесе ыстықтан алыс ұстаңыз.
- Құрылғыны желіден ажырату үшін қуат сымына, ашаға немесе адаптерге әрқашан еркін қол жеткізе алатыныңызға көз жеткізіңіз.

- Құрылғыны радиаторлар, жылу тартқыштар, пештер не жылу шығаратын басқа да құрылғылардың (соның ішінде күшейткіштердің) жанына орнатпаңыз.
- Өнімді температурасы 0°C-тан 45°C-қа дейінгі ортада қауіпсіз ортада қолданыңыз.
- Қуат сымын, әсіресе ашаларды, ыңғайлы розеткаларға жалғанған және өнімнен шығып тұрған бөлігінің аяққа тапталудан немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Өндіруші көрсеткен саптамаларды/ аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.
- Өндіруші көрсеткен немесе аппаратпен бірге сатылған арбаны, стендті, штативті, кронштейнді немесе үстелді ғана пайдаланыңыз.
- Арбаны пайдаланған кезде аударылып жарақат алмау үшін арба/аппарат тіркесімін жылжытқанда абай болыңыз.



- Найзағай болады-ау деген кезде немесе ұзақ уақыт пайдаланылмайтын кезде өнімді розеткадан ажыратыңыз.
- Барлық қызмет түрлерін білікті мамандарға ғана орындатыңыз. Егер өнім қандай-да бір жолмен зақымдалған болса, мысалы, қуат сымы немесе аша зақымдалған болса, сұйықтық төгілсе немесе өнімге бөгде заттар кірсе, өнім жаңбырға немесе ылғалға ұшыраса, қалыпты жұмыс істемесе немесе құлап кетсе, техникалық қызмет көрсету қажет болады.

Ескертпе

- Құрылғыңызда кірістірілген литий батареялары бар екенін ескеріңіз. Литий батареяларының зарядтау сыйымдылығы уақыт өте келе өздігінен разрядталу қасиеттеріне байланысты азаяды. Құрылғының батареясының ұзақ қызмет етуін қамтамасыз ету үшін құрылғы пайдаланылмаған кезде әрбір 6 ай сайын кірістірілген литий батареясын шамамен 50% зарядтауды ұсынамыз.

- Құрылғыны судың жанында пайдаланбаңыз.
- Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.

2 Сауық кеші динамигіңіз


Сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өнімді www.philips.com/support сайтына тіркеңіз.

Қораптағы заттар

Қаптаманың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз:

- Негізгі бөлік x 1
- Айналмалы қуат сымы x 1
- Қысқаша іске қосу нұсқаулығы x 1
- Қауіпсіздік парағы x 1
- Кепілдік картасы x 1


Philips Entertainment қолданбасын жүктеп алыңыз



philips.to/entapp

Негізгі блокқа шолу

Жоғарғы панель:



1 : Қосу не күту режиміне өту үшін басыңыз.

2 : Bluetooth байланысын үзу үшін түймесін үш секунд басып тұрыңыз. TWS жұптастыру режиміне өту үшін екі рет басыңыз.

3 : Динамиктегі жарық режимін өзгерту үшін басыңыз: 1/2/3/4/5/6/7/8/9/10/11/12/13/Өшіру. Жарқыл шамды қосу немесе өшіру үшін 3 секунд басып тұрыңыз.

4 : Auracast RX режимін іске қосу үшін басыңыз, Auracast TX режимін іске қосу/шығу үшін 3 секунд басып тұрыңыз.

5 BASS+ (ЖУАН+): Жуан+ режимін іске қосу/ажырату үшін түймені басыңыз, зауыттық параметрлерді қалпына келтіру және өшіріп-қосу үшін 5 секунд басып тұрыңыз.

6 : Bluetooth/USB режимінде ойнату/кідірту.


7 MIC (МИКРОФОН): Микрофон дыбыс деңгейін реттеу.

8 ECHO (ЖАҢҒЫРЫҚ): Жаңғырық деңгейін реттеу.

9 GUITAR (ГИТАРА): Гитара дыбыс деңгейін реттеу.


10 TREBLE (ЖІҢІШКЕ): Жіңішке деңгейін реттеу.

- 11 BASS (ЖУАН): Жуан деңгейін реттеу.
 12 VOL (ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ): Музыканың дыбыс деңгейін реттеу.
 13 • • • • Батарея деңгейінің индикаторлары (LED1/LED2/LED3/LED4).



- 14 MIC1 (МИКРОФОН 1): Микрофон кірісі.
 15 MIC2 (МИКРОФОН 2): Микрофон кірісі.
 16 GUITAR (ГИТАРА): Гитара кірісі.
 17 USB: USB порты.
 18 AUDIO IN (АУДИО КІРІСІ): Аудио кірісі кіріс деңгейі.

Артқы панель:



- 1 АЙНЫМАЛЫ ТОК КІРІСІ: Қуат көзін алу үшін АС (айналмалы ток) кабелін қосыңыз.

3 Іске кірісу

Әрқашан осы тарауда берілген нұсқауларды ретімен орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден құрылғы үлгісінің нөмірі мен сериялық нөмірі сұралады. Үлгі нөмірі мен сериялық нөмір құрылғының артқы жағында орналасқан. Нөмірлерді осында жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____ TAX5000E

Сериялық нөмірі _____


Қуат көзіне қосу

Ескертпе

- Айнымалы ток сымын қоспас бұрын, барлық басқа қосылымдардың орындалғанына көз жеткізіңіз.

Құрылғының артқы панеліндегі AC in (Айналмалы ток кірісі) ұясына АС қуат сымын қосыңыз.

Кейін АС қуат сымының екінші ұшын қуат розеткасына жалғаңыз.



Қуат көзінің розеткасы мен қуат сымының штепселі аймаққа байланысты әртүрлі болады.

Қосу

Динамикті қосу/өшіру үшін жоғары панельде орналасқан  түймесін басыңыз.

Алынбалы батареяны зарядтау

Абайлаңыз

- Өнімнің зақымдалу қаупі бар! Қуат кернеуі құрылғының артқы немесе астыңғы жағында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Қуат сымын ажыратқан кезде оны розеткадан әрқашан ашадан ұстап тартыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз.

Зарядтау күйінде

Батарея қуаты	Диодшам 1	Диодшам 2	Диодшам 3	Диодшам 4
Батарея төмен $\leq 30\%$	Жыпылы-қтайды	Өшіру		
31-60%	Қосулы	Жыпылы-қтайды	Өшіру	
61-80%	Қосулы		Жыпылы-қтайды	Өшіру
81-99%	Қосулы			Жыпылы-қтайды
Толық	Қуатты қосу: Қосулы Қуатты өшіру: Қосу және өшіру			

Қосулы күйде, зарядталып жатқан жоқ

Батарея қуаты	Диодшам 1	Диодшам 2	Диодшам 3	Диодшам 4
Батарея төмен $\leq 10\%$	Жыпылықтайды			
11-30%	Қосулы	Диодшам 2		
31-60%	Қосулы		Өшіру	
61-80%	Қосулы			Өшіру
81%-Толық	Қосулы			

4 Bluetooth® арқылы аудио ойнату

Bluetooth құрылғыларынан ойнату

- 1 Bluetooth жұптастыру режиміне өту үшін динамикті қосыңыз не ✕ басыңыз.
- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth байланысын іске қосып, жалғауды бастау үшін **[Philips X5000E]** дегенді тауып, оны таңдаңыз.
- 3 Сәтті жалғанғаннан кейін, ✕ түймесінің артқы жарығы тұрақты көк түске ауысып, динамик 3 секунд бойы көк түсте жанып тұрады. Сол кезде дыбыстық сигналды естисіз. Bluetooth құрылғысында аудионы ойнатуға болады.
- 4 Bluetooth құрылғысынан ажырату үшін ✕ түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

Ескертпе

- Бір құрылғыны осы өніммен жұптастырмас бұрын, оның Bluetooth үйлесімділігіне қатысты пайдаланушы нұсқаулығын оқып шығыңыз.
- Бұл өнім мен жалғанған Bluetooth құрылғысының арасындағы кедергілер жұмыс қашықтығын азайтуы мүмкін. Динамикті кедергі келтіруі мүмкін басқа электрондық құрылғылардан алшақ жерге қойыңыз.
- Бұл өнім мен Bluetooth құрылғысының арасындағы жұмыс қашықтығы шамамен 10 метр (30 фут).
- Басқа Bluetooth құрылғысын жалғамас бұрын, алдымен ағымдағы құрылғыны өшіріңіз.
- Bluetooth құрылғысы жарамды Bluetooth қашықтығынан асып кетсе, құрылғы автоматты түрде ажырап, Bluetooth жұптастыру режиміне өтеді.

TWS Функциясы

Ескертпе

- TWS тек екі бірдей динамикпен жұмыс істейді (Philips TAX5000E).

Сtereo режим үшін жұптау (TWS)

- 1 Екі динамикті де қосып, оның екеуіндегі  түймесін екі рет басыңыз. TWS қосылғанда екі динамиктегі  батырмасы ақ түсте 3 секунд бойы баяу жыпылықтайды, кейін негізгі динамиктегі  түймесі тұрақты көк түске ауысып, ал екінші динамиктегі  түймесі тұрақты ақ түске ауысады.
- 2 TWS режимінен шығу үшін кез келген динамиктегі  түймесін басыңыз.

TWS пайдалану

Пайдалану	Әрекет
Екі динамиктегі де  түймесін басыңыз	Екі динамиктегі де  режимдерді өзгертіңіз
Кез келген динамиктегі Vol түймесін басыңыз	Екі динамиктегі де дыбыс деңгейін реттеңіз
Екі динамиктегі де  түймесін басыңыз	Екі динамикте де ойнатуды тоқтату немесе қайта жалғастыру
Екі динамиктегі де Bass+ батырмасын басыңыз	Екі динамиктегі де Жуан+ эффектінсін өшіру/қосу
Қосу күйінде кез келген динамиктегі  түймесін басыңыз	Екі динамикті де ажыратыңыз
TWS режимін күту режиміне өтуге дейін ажыратпаған болсаңыз, күту режиміндегі кез келген динамиктегі  түймесін басыңыз	Сіз қосқан динамик TWS қайта қосылу күйіне өтеді. Егер 1 минутта TWS қосылымы болмаса, құрылғы автоматты түрде өшеді.
Негізгі динамиктегі дереккөзді ауыстырыңыз	TWS режимінде негізгі динамик басқа дереккөзге ауысады, ал екінші динамик TWS режимінде қалады.

TWS жалғанған кезде қосымша динамик келесі функцияларды негізгі динамиктен синхрондайды.

- Шам режимі
- Дыбыс деңгейі
- Ойнату/кідірту
- Жуан+

5 Auracast™-тан ойнату

Аудионы Auracast-ты қолдайтын мобильді құрылғыдан не динамиктегі басқа Auracast таратқыштардан ойната аласыз, сондай-ақ динамикті Auracast арқылы бір не бірнеше Auracast-ты қолдайтын динамикпен жұптастыра аласыз.

Auracast RX (Аудионы қабылдау) басқару

1. Динамиктегі  түймесін басыңыз немесе Philips Entertainment қолданбасы арқылы іске қосыңыз.
→  түймесі ақ түспен жыпылықтайды және динамик шамы үш рет жыпылықтайды. Сол кезде дыбыстық сигналды естисіз.
2. Егер Auracast дереккөзін алғаш қоосаңыз немесе станциялар тізімі бос болса, динамик толық сканерлеуді автоматты түрде жүргізеді.
3. Динамик жақын маңдағы Auracast тартылымдарын іздеп, сигналы ең мықты шифрланбаған тартылымға қосылады. (Auracast-ты қолдайтын мобильді құрылғыңызды таратқыш ретінде пайдалануға болады. Автоматты сканерлеу кезінде динамик анықтай алатындай етіп Auracast таратқышын мобильді құрылғыңызда қосыңыз.)
→ Шифрланған таратылымды тыңдау үшін қолданбада құпиясөз енгізу қажет.

Егер 10 секунд бойы пайдаланушының әрекеті болмаса не еш таратылым табылмаса, динамик сканерлеуді тоқтатып, күту режиміне өтеді.

- Auracast таратылымдарын қайта сканерлеу үшін  түймесін басыңыз.
- Шифрланбаған келесі Auracast таратылымына өту үшін динамиктегі  түймесін басыңыз.
 - Шифрланған таратылым ақпаратын өшіру үшін  түймесін басыңыз.

Auracast RX құрылғысын ажырату үшін: Динамикті басқа дереккөзге ауыстырыңыз ( түймесін басыңыз, USB құрылғысын енгізіңіз немесе audio-in құрылғысына қосыңыз).

Auracast TX (Аудионы тасымалдау) басқару

1. Осы динамикті негізгі динамик (Auracast тасымалдағыш) ретінде пайдаланыңыз. Bluetooth/ USB/ Audio-in дереккөзінде аудио ойнатыңыз.
2. Auracast TX өту үшін динамиктегі  түймесін 3 секунд басып тұрыңыз не Philips Entertainment қолданбасы арқылы іске қосыңыз.
→  түймесі ақ түспен жыпылықтайды және динамик шамы үш рет жыпылықтайды. Сол кезде дыбыстық сигналды естисіз.
3. Auracast-ты қолдайтын басқа динамикте (қосымша динамик ретінде) Auracast RX құрылғысын қосыңыз.
4. Негізгі динамиктен тарайтын Auracast таратқышын қосымша динамик арқылы анықтағаннан соң негізгі динамикте ойналатын аудио екінші динамикке синхрондалады.
 - Осы әдіс арқылы Auracast қолдайтын бірнеше динамикті негізгі динамикке қоса аласыз.

Auracast TX өшіру үшін мыналарды орындай аласыз:

Динамиктегі  түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

→ Динамик соңғы ойнатылған дереккөзді қалпына келтіреді.


Ескертпе

- Қолданбаны басқару туралы қосымша ақпаратты 11-тараудан қараңыз.

6 USB-ден ойнату

USB жад құрылғысынан ойнату

- 1 USB құрылғысын USB портына енгізіңіз және құрылғы автоматты түрде USB ойнату режиміне ауысады.



Ойнатуды басқару

USB режимінде ойнатуды басқару үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Түйме және басқару Әрекет

►|| белгішесін басыңыз Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру


Ескертпе

- USB құрылғысында қолдау көрсетілетін пішімдегі ойнатылатын аудио деректер бар екеніне көз жеткізіңіз.
- USB қолдау көрсетілетін аудио пішімдері: MP3, WAV.

7 Басқа мүмкіндіктер

Музыканы сыртқы құрылғыдан ойнату

- 1 Аудио кабельді (бірге берілмейді) құрылғыдағы жалғағышқа жалғаңыз:
 - Динамиктегі **AUDIO IN** ұяшығы.
 - Құрылғыдағы құлаққап ұясы (MP3 ойнатқышта, ұялы телефонда, iPad не басқа аудио ойнатқыштарда).
- 2 Құрылғыда аудионы қосыңыз (пайдаланушы нұсқаулығына жүгініңіз).



8 Динамиктің жарық әсерін өзгерту

Динамиктің жарық әсерін өзгерту үшін жоғарғы панельдегі  түймесін басыңыз: Жарық режимі 1/ Жарық режимі 2/ Жарық режимі 3/ Жарық режимі 4/ Жарық режимі 5/ Жарық режимі 6/ Жарық режимі 7/ Жарық режимі 8/ Жарық режимі 9 / Жарық режимі 10/ Жарық режимі 11/ Жарық режимі 12/ Жарық режимі 13/ Жарықты өшіру. Жарқыл шамды қосу немесе өшіру үшін 3 секунд басып тұрыңыз.

Philips Entertainment қолданбасы арқылы бір не бірнеше жарық режимін таңдауға не алып тастауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін 11-тараудағы “Жарық әсерін басқару” бөлімін қараңыз.

9 Микрофон арқылы ән айту

Микрофонды (бірге берілмейді) құрылғыдағы **MIC** ұясына жалғаңыз.

Микрофон дыбысын реттеу

Микрофонның дыбыс деңгейін арттыру үшін **MIC+** басыңыз, микрофонның дыбыс деңгейін үздіксіз арттыру үшін **MIC+** түймесін басыңыз. Микрофонның дыбыс деңгейін бәсеңдету үшін **MIC-** басыңыз, микрофонның дыбыс деңгейін үздіксіз бәсеңдету үшін **MIC-** түймесін басыңыз.

Жаңғырықты реттеу

Микрофонның жаңғырық деңгейін арттыру үшін **ESHO+** басыңыз, микрофонның жаңғырық деңгейін үздіксіз арттыру үшін **ESHO+** түймесін басыңыз. Микрофонның жаңғырық деңгейін бәсеңдету үшін **ESHO-** басыңыз, микрофонның жаңғырық деңгейін үздіксіз бәсеңдету үшін **ESHO-** түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Төмендегі баптаулар тек Philips Entertainment қолданбасында ғана қосулы болады. Толық мәліметті 11-тараудағы “Виртуалды қашықтан басқару” бөлімінен қараңыз.

Микрофон басымдығы

Микрофон дыбысы анықталғанда музыканың дыбысын басу не микрофон басымдығын өшіру үшін виртуалды қашықтан басқару құралындағы “M.PRI” түймесін басыңыз.

Вокалды реттегіш

Вокалды реттегішті қосу не өшіру үшін виртуалды қашықтан басқару құралындағы “Vocal fader” түймесін басыңыз.

Дауысты ауыстырғыш

Әртүрлі дыбыстарға ауысу үшін виртуалды қашықтан басқару құралындағы “Voice changer” түймесін басыңыз: Female Voice/Male Voice/Child Voice/Senior Voice/Normal effect.


Жуан+ режимін қосу/өшіру үшін виртуалды қашықтан басқару құрылғысындағы не динамиктегі "BASS+" түймесін басыңыз.

10 Гитара кірісі

Гитара дыбысын реттеу

Гитараны осы сауық кеші динамигіне үстіңгі панельдегі **GUITAR** ұясы арқылы жалғаңыз.


- 1 Гитараңызды Guitar in кірісіне қосу үшін 6,3 мм (1/4") гитара коннекторын (бірге берілмейді) пайдаланыңыз.
- 2 Жалғанған гитараңыздың дыбыс деңгейін үстіңгі панельдегі **GUITAR-/GUITAR+** түймесі арқылы реттеуге болады.



11 Philips Entertainment қолданбасы

Қолданбану жүктеп алу

QR кодын сканерлеңіз/"Жүктеп алу" түймесін басыңыз немесе Apple App Store немесе Google Play дүкенінен "Philips Entertainment" дегенді іздеңіз.




philips.to/entapp

Philips Entertainment қолданбасы сіз тыңдайтын музыканы басқаруға мүмкіндік береді. Ақылды құрылғының көмегімен сіз қалаған дыбыс стилін оңай таңдай аласыз, дереккөздер арасында ауыса аласыз және т.б.

Ескертпе

- Қолданбаны пайдалануды бастамас бұрын динамиктің қосулы екеніне және Bluetooth арқылы мобильді құрылғыға ұосылғанына көз жеткізіңіз. (Толық ақпаратты 4-тараудан қараңыз.)
- Қолданбадағы функциялар алдын ала ескертусіз шағын жаңартуларға ұшырауы мүмкін.


Қосымшаны сауық кеші динамигімен жұптастыру



- 1 Мобильді құрылғыңызда Philips Entertainment қолданбасын іске қосыңыз.
- 2 Мобильді құрылғыңызда Bluetooth қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
- 3 Қосымшаны алғаш рет қолдансаңыз, қосымшадағы нұсқауларды орындап, қосымшаны динамикпен жұптастырыңыз.
- 4 Қолданба оны тауып, басқаруы үшін динамиктегі ►|| түймесін басыңыз.
 - Қолданба интерфейсі 4-қадамның ескертуінде тоқтап қалса, шығу үшін [Cancel] түймесін басып, жұптастыруды қайта іске қосыңыз.

Музыка ойнату және дыбысты реттеу

Sound Control режиміне өту үшін белгішесін басыңыз.



Қолданбада музыканы ойнатуды **▶||**, **⏮**, **⏭** түймелерін басу арқылы басқара аласыз, ал тиісті басқару жолағын сүйреу арқылы дыбыс деңгейін, жоғары және төмен жиіліктерді реттей аласыз. Bass+ түймесін басу арқылы да оны қосып, өшіруге болады.

Жарық әсерін бақылау


Light Control режиміне өту үшін белгішесін басыңыз.



Сіз жарқыл шамды қосып, өшіре аласыз, жарық режимдерінің арасынан таңдай аласыз және бір не бірнеше жарық режимін қосу неөшіру арқылы динамик жарығын баптай аласыз.

Караокені бақылау


Karaoke Control режиміне өту үшін  түймесін басыңыз.



Микрофонның жоғары және төмен жиілік деңгейлерін реттеу үшін басқару жолақтарын сүйреңіз. Оны қосу үшін Mic Priority қосқышын түртңіз. Бұл микрофонмен ән айтқанда музыка дыбысын бәсеңдетеді.

Дереккөзді ауыстыру


Дереккөзді басқару режиміне өту үшін  түймесін басыңыз.



Әртүрлі дереккөздің ішінен таңдау үшін [Source] түймесін басыңыз: Bluetooth/ Auracast™ receiver/ USB/ Audio in.


- USB не Audio in режиміне өту үшін USB не audio-in құрылғысы динамикке қосылуы қажет.

Шифрланбаған Auracast™ таратылымын тыңдау



- 1 [Source] түймесін басып, [Auracast™ receiver] дереккөзін таңдаңыз.
- 2 Auracast™ таратылымдары тізіміне өту үшін [Auracast™ broadcasts] түймесін басыңыз.
- 3 Шифрланбаған ойнату дереккөзі таңдалғанда, динамик оны іздеп, қосылады.


Шифрланған Auracast™ таратылымын тыңдау



- 1 [Source] түймесін басып, [Auracast™ receiver] дереккөзін таңдаңыз.
- 2 Auracast™ таратылымдары тізіміне өту үшін [Auracast™ broadcasts] түймесін басыңыз.
- 3 Шифрланған ойнату дереккөзі таңдалса, сізден құпиясөзді енгізу сұралады.
→ Егер шифрланған Auracast таратылымы мобильді құрылғыңыздан берілсе, мобильді құрылғыдан Auracast™ таратылымын баптау кезінде енгізген құпиясөзді енгізіңіз.

Жалпы параметрлер

General Settings өту үшін  белгішесін басыңыз.



- [Auracast™ broadcaster] түймесін басып, осы динамикті Auracast таратқышы ретінде белгілеңіз және басқа Auracast қолдайтын құрылғыларға оның таратылымын қабылдауға мүмкіндік беріңіз.
 - [Public] таңдаңыз: Өзге құрылғылар бұл динамиктен таратылымдарды құпиясөзсіз ала алады.
 - [Personal] таңдаңыз: Құпия сөзді орнату қажет. Бұл динамиктен таратылымдарды қабылдау үшін өзге құрылғылар құпиясөзді енгізу керек болады.
- [Setup Partylink mode] түймесін басып, нұсқауларды орындап, динамикті басқа Auracast™ үйлесімді динамиктерге жалғаңыз.

Виртуалды қашықтан басқару

 белгішесін тапқанша мәзір белгішелерін солға қарай сырғыта беріңіз. Оны виртуалды қашықтан басқару интерфейсіне өту үшін басыңыз. Музыканы ойнату мен динамиктің кез келген баптауын реттеу үшін виртуалды қашықтан басқару құралын пайдалана аласыз.



Пайдаланушы нұсқаулығы

📖 белгішесін тапқанша мәзір белгішелерін солға қарай сырғыта беріңіз. Динамикті пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін пайдаланушы нұсқаулығын және қысқаша іске қосу нұсқаулығын тексеру үшін оны басыңыз.



Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Ең жақсы мүмкіндіктер мен қолдау алу үшін өнімді бағдарламалық соңғы нұсқасына жаңартыңыз.

Philips Entertainment қолданбасы арқылы құрылғының бағдарламалық жасақтамасын ең соңғы нұсқасына жаңартуға болады.

Егер жаңарту басталса, қолданбадағы  белгішесінде қызыл сан пайда болады. Оны басқанда ішінен [Download & Upgrade] белгішесі ашылады, оны басып автоматты түрде жалғастыруға болады.

Егер құрылғы Philips Entertainment қолданбасына қосылған болса, ол бағдарламалық әуе арқылы жаңарта алады. Құрылғының жұмысын жақсарту үшін бағдарламалық әрқашан соңғы нұсқасына жаңартыңыз.



12 Өнім туралы ақпарат

Техникалық сипаттамалары

Зорайтқыш

Айнымалы ток, шығыс қуат (RMS)	100 Вт
Айнымалы ток, шығыс қуат (макс)	200 Вт
Сигнал/шу коэффициенті	≥80 дБ
Жиілік жауабы	20 Гц-20 КГц, ±3 дБ
Толық гармоникалық бұрмалану	≤10%

Динамик

Динамик кедергісі	Жуан дыбыс 4 Ом Пышылдақ 4 Ом
Сезгіштігі	Жуан дыбыс 89 дБ±3дБ/м/Вт Пышылдақ 105 дБ±3дБ/м/Вт

USB

USB тікелей нұсқасы	2.0 толық жылдамдық
Қуаттандыруға болады	5 В 1,0 А

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V5.4
Bluetooth жиілік диапазоны	2,402 ГГц ~ 2,480 ГГц ISM диапазоны
Bluetooth қамту ауқымы	10 м (бос кеңістік)

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	100-240 В ~ 50/60 Гц
Өшірулі кездегі қуат тұтынуы	≤0,5 Вт

Өлшемдері

Негізгі бөлік (Е x Б x Д)	320x730x320 мм
---------------------------	----------------

Салмағы

Негізгі бөлік	12 кг
---------------	-------

USB ойнату мүмкіндігі туралы ақпарат

Үйлесімді құрылғылар:

- USB флэш-жады (USB 2.0)
- USB флэш-ойнатқыштары (USB 2.0)

Қолдау көрсетілетін пішімдер:

- Файл пішімдері: FAT16/FAT32/exFAT
- Дыбыс пішімі: MP3, WAV.
- Максималды қолдау 128G USB.
(Егер USB 128 Гб-тан үлкен болса, ойнату функциясы қалыпты жұмыс жасамауы мүмкін).

Техникалық қызмет көрсету

Кабинетті тазалаңыз

- Аздап жуғыш зат қосылған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Спирт, алкоголь, аммиак немесе абразивтер бар ерітіндіні қолданбаңыз.

13 Ақаулықтарды жою

Абайлаңыз

- Бұл құрылғының корпусын ешқашан ашпаңыз.

Кепілдік күшін сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Егер осы құрылғыны пайдалану кезінде қиындықтар туындаса, қызмет көрсетуді сұрамас бұрын келесі тармақтарды тексеріңіз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-сайтына өтіңіз (www.philips.com/support). Philips компаниясымен хабарласқан кезде, құрылғы мен оның модель нөмірі және сериялық нөмірі жаныңызда болсын.

Электр қуаты жоқ

- Құрылғының айналмалы ток ашасының дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Айнымалы ток розеткасында ток бар екеніне көз жеткізіңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбысты реттеңіз.

Құрылғы жауап бермейді

- Айнымалы ток ашасын розеткадан суырып, қайта енгізіңіз, содан кейін құрылғыны қайта қосыңыз.

USB құрылғысындағы кей файлдарды ойнату мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталар немесе файлдар саны белгілі бір шектен асып кетті. Бұл құбылыс ақаулық емес.
- Бұл файл пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы бұл өніммен үйлеспейді. Басқа құрылғыны қолданып көріңіз.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth функциясы бар құрылғыға жалғанғаннан кейін дыбыс сапасы төмен

- Bluetooth сигналы нашар қабылдануда. Құрылғыны осы өнімге жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кедергіні алып тастаңыз.

Құрылғыны жалғау мүмкін емес

- Құрылғының Bluetooth функциясы іске қосылмаған. Бұл мүмкіндікті қалай қосу керектігін білу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Бұл өнім басқа Bluetooth функциясы бар құрылғыға жалғанған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұпталған құрылғы үнемі қосылып, ажыратылуда

- Bluetooth сигналы нашар қабылдануда. Құрылғыны осы өнімге жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кедергіні алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғылар үшін Bluetooth қосылымы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде өшірілуі мүмкін. Бұл осы өнімнің ақаулығының белгісі емес.



Ескертпе

- Audio in/ USB/Auracast/Bluetooth режимінде 15 минут бойы дыбыстық сигнал болмағанда құрылғы автоматты түрде өшеді. Бұл осы құрылғының ақаулығының белгісі емес.

Батарея дұрыс қуатталмайды не тез таусылып қалады

- 1 Құрылғының артқы жағындағы батарея қақпағын ашып, бастапқы батареяны батарея бөлігінен шығарыңыз.




- 2 Сол типтегі батареяны салыңыз (жинаққа кірмейді).



- 3 Батарея қақпағын жабыңыз.

- **Қайта зарядталатын литий-ионды батареяның тех. сипаттамасы:**
21NR19/66-2
Моделі: TACRS002BA
Номиналды сыйымдылығы: 7,3 В 5,2 А/сағ
37,96 Вт/сағ
TP Vision Europe B.V.
Prins Bernhardplein 200, 1097 JB Amsterdam,
The Netherlands.



Қосымша батарея сатып алғыңыз келсе,
<https://www.philips.com/support> сайтына кіріп,
көбірек ақпарат ала аласыз.

14 Ескертпе

Осы құрылғыға MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы мақұлдамаған кез келген өзгерісті немесе модификацияны жасау пайдаланушының бұйымды пайдалануға қатысты құқықтарының жойылуына әкелуі мүмкін.

TP Vision Europe B.V. компаниясы осымен бұл өнімнің RED Directive 2014/53/EU директивасының және UK Radio Equipment Regulations SI 2017 No 1206 ережелерінің негізгі талаптарына және басқа да тиісті ережелерге сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы мәлімдемені мына сайттан табуға болады: www.philips.com/support.

Қоршаған ортаға күтім жасау

Ескі бұйым мен батареяны қайта өңдеуге өткізу



Сіздің өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен компоненттерден құралған және жасалған.



Бұйымдағы бұл таңба бұйымға 2012/19/EU еуропалық директивасы бойынша қолданылатынын білдіреді.



Бұл таңба бұйымның құрамында (EU) 2023/1542 еуропалық ережесі бойынша қолданылатын және қарапайым тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтын батарея бар екенін білдіреді.

Электрлік және электрондық өнімдер мен батареяларды бөлек жинайтын жергілікті жүйе туралы біліңіз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және бұйымды және батареяларды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге ешқашан тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды дұрыс тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына кері әсерін болдырмауға көмектеседі.

Экологияға қатысты ақпарат

Ешбір артық қаптама материалы қолданылмады. Бұл жүйе бөлшектеуді мамандандырылған компания орындаған жағдайда қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Қаптама материалдарды, қуатсызданған батареяларды және ескі жабдықтарды жоюдың жергілікті ережелерін сақтаңыз.

Тауар белгісі туралы хабарлама



Bluetooth® су белгісі мен логотиптері — Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі сауда белгілері және мұндай белгілерді MMD Hong Kong Holding Limited ұйымы лицензия бойынша пайдаланады. Басқа сауда белгілері мен атаулары тиісті иелерінің меншігі болып табылады.



"Auracast™" сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі сауда белгілер болып табылады және MMD Hong Kong Holding Limited компаниясының бұл белгілерді қолдануы лицензия бойынша жүзеге асырылады. Басқа сауда белгілері мен атаулары тиісті иелерінің меншігі болып табылады.



Бұл қос оқшаулағышы бар II СЫНЫПТЫҚ құрылғы, оның жерге қосу қорғанысы жоқ.



Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Ең соңғы жаңартулар мен құжаттарды алу үшін www.Philips.com/support сайтына кіріңіз.

Philips және Philips Shield эмблемасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша қолданылады.

Бұл өнім MMD Hong Kong Holding Limited компаниясының немесе оның филиалдарының бірінің жауапкершілігімен шығарылды және сатылды және MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге кепілдік береді.

TAX5000E_UM_KK_V1.0

